

Жатақханалардың құқықтық мәртебесін ретке келтіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 8 сәуір 1993 ж. N 277 . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Жатақханалардың құқықтық мәртебесін ретке келтіру және оларда тұратын адамдарды құқықтық қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Тұрғын үй кодексінің 129 бабын бұзу арқылы шағын отбасыларына арналған жатақхана ретінде пайдаланылатын тұрғын үйлердегі пәтерлер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жекешелендіруге жатады деп белгіленсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРМК-нің 1993.10.21. N 1043

қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" Қазақ ССР Заңының 25 бабының 5 тармағы негізінде жасалған мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру барысында жатақханаларды беру туралы шарттарды заңда белгіленген тәртіппен қайта қарайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесіп, бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қолданылып жүрген заңдарға және нормативтік актілерге жатақханалардың мәртебесін айқындайтын толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы ұсыныс табыс етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі